



## Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 18 ақпан N 125. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.28. N 1182 қаулысымен. ~P971182

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы және Атом қуаты жөніндегі агенттігі туралы" 1992 жылғы 15 мамырдағы N 779 U920779\_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 18, 300-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 18 ақпандағы  
N 125 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы  
жөніндегі агенттігі туралы

Ереже

### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (мұнан былай Агенттік) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік басқару органы болып табылады, оған атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жүктеледі.

Агенттік өз құзыры шегінде ядролық энергетиканың барлық аспектілерін хұқықтық реттеуді және Қазақстан Республикасының аумағында атом-өнеркәсіп кешені объектілерін лицензиялауды қамтамасыз етеді.

Агенттік ядролық материалдарды, радиоактивтік заттар мен қалдықтарды ұстауды қосқанда, ядролық және радиациялық технологияларды пайдаланудың хауіпсіздігін реттеу, жолымен халықты және айналадағы табиғи ортаны

техногендік және өздігінен пайда болатын иондаушы сәулелердің ықпалынан қорғаудың мемлекеттік саясатын жүзеге асырады. Ережеде пайдаланылатын терминдердің анықтамалары Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) анықтамаларына сәйкес келеді.

Агенттік өзіне жүктелген функциялар шегінде, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, республиканың экономикалық қатынастағы барлық министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары, ұйымдары және басқа субъектілері үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

2. Агенттік өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін және басқа нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Ережені басылыққа алады.

Агенттік оның құзырына енетін мәселелер бойынша заңдардың қолданылу практикасын жинақтайды, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және соларды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі заңды мекеме болып табылады, дербес балансы, банк мекемелерінде шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## II. Агенттіктің негізгі міндеттері

### 4. Агенттіктің басты міндеттері;

қолданылып жүрген халықаралық нормаларды ескере отырып, атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

атом энергетикасы, ядролық технология және радиоактивтік қалдықтарды ұстау технологиясы саласындағы жобаларға мемлекеттік сараптау жүргізу; оларды іске асыру жөніндегі бағдарламалар мен шараларды үйлестіру;

ядролық және радиациялық қауіпсіздік, ядролық материалдар мен радиоактивтік заттарды тасымалдау және сақтау, қалдықтарды ұстау жөніндегі өлшемдер мен нормаларды белгілеу, ережелерді әзірлеу, сондай-ақ ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың, жекелеген азаматтардың осы нормалар мен ережелерді сақтауын бақылау;

атом энергетикасы объектілерінің (ядролық материалдар, радиоактивтік заттар мен иондаушы сәуле көздері бар аспаптар, жабдықтар, өндірістер, қоймалар мен сақтау орындары) және көлік құралдарының пайдалану қауіпсіздігін бағалау мен бақылау;

жобаланған және салынып жатқан атом энергетикасы объектілерінің

хауіпсіздігін

бағалау;

ядролық материалдар мен радиоактивтік қалдықтарды мемлекеттік есепке алу және олардың сақталуы мен пайдаланылуын бақылау;

ядролық материалдар мен ядролық технологиялардың экспорты мен импортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының аумағындағы атом-өнеркәсіп кешені ұйымдары мен кәсіпорындарындағы физикалық қорғау мен құпиялылық тәртібінің жағдайын бақылау; < \* >

атом энергетикасы мен ядролық технология саласында мемлекетаралық және халықаралық ғылыми-техникалық, экономикалық және хұқықтық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

атом энергетикасы саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың тиімді жұмысы үшін қажетті хұқықтық, экономикалық, ұйымдық жағдай жасау жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Президентіне, Жоғарғы Кеңесіне, Үкіметіне және жұртшылығына атом энергетикасы объектілерінің жағдайы туралы хабарлау болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ сегізінші абзацтан кейін жаңа редакцияда мазмұндағы абзацпен берілген - ҚРКМ-нің 26.01.1994 ж. N 92 қаулысымен.

### III. Агенттіктің негізгі функциялары

5. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес: ядролық энергия мен радиациялық технологияны пайдалану мәселелері жөніндегі заң актілерінің жобаларын әзірлейді;

өлшемдер мен нормаларды белгілейді, ядролық және радиациялық хауіпсіздік жөнінде ережелер әзірлейді;

пайдаланушы ұйымдар басшыларының атом-өнеркәсіп кешені объектілерінің хауіпсіз жағдайы туралы баяндамалары (есептері) бойынша тұжырымдар дайындайды; өзінің құрамында ядролық қондырғылары бар объектілердің басшыларын тағайындауды келіседі; < \* > осындай объектінің иесіне немесе солардың өкілетті органына осы объектілерді құруға, пайдалануға және жоюға белгіленген тәртіппен рұқсат береді; атом-өнеркәсіп кешені объектілеріндегі қызметтің түрлері мен кезеңдерін, сондай-ақ олардың хауіпсіздік жағдайы туралы баяндамаларды (есептерді) тапсыру мерзімдерін белгілейді; объектілердің хауіпсіздігін күшейту қажет болғанда аталмыш рұқсаттың шарттарын өзгертеді;

бақылауындағы объектілерге тексеру жүргізеді, оларды пайдаланудағы хауіпсіздік талаптары мен Агенттік берген рұқсат шарттары бұзылған жағдайда

с а н к ц и я

қ о л д а н а д ы ;

атом энергетикасы объектілерінің ядролық және радиациялық қауіпсіздігіне, олардың жиналуын, өңделуін, тасымалданылуы мен сақталуын қосқанда, ядролық материалдарды, радиоактивтік қалдықтарды қауіпсіз ұстауға бақылау ж а с а й д ы ;

атом энергетикасының объектілерінде жұмыс істейтін жекелеген адамдарға осы объектілерді және олардың қауіпсіздігі үшін маңызды технологиялық процестерді басқару хұқына рұқсат етудің тәртібін белгілейді және рұқсат береді;

жұмыс сапасын қамтамасыз ету бағдарламаларын әзірлеудің талаптарын айқындайды, атом энергетикасы мен өнеркәсіп объектілерін құру мен пайдалану кезінде орналасқан жерін таңдауды, жобалауды, құрылысын жүргізуді, оларды пайдалануға беру мен пайдаланудан шығаруды қосқанда, сондай-ақ жабдықтарды, аспаптарды жеткізу және басқа ұйымдарға қызмет көрсету кезінде олардың жүзеге асырылуына бақылауды ұйымдастырады;

атом энергетикасының объектілерінде аварияны болдырмауға және пайдаланушы ұйымдардың аварияның зардаптарын жоюға дайындығына бағытталған шараларды әзірлеу мен іске асыруды қадағалайды;

ядролық материалдарға мемлекеттік есеп жүргізеді және олардың сақталуын, тасымалданылуы мен пайдаланылуын бақылайды;

бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың оларға берілген рұқсат шарттарын орындауын, сондай-ақ ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нормалар мен ережелерді сақтауын тексереді;

атом энергетикасының объектілерін, сондай-ақ осы объектілерді пайдаланудың қауіпсіздігі үшін маңызды жүйелер мен жабдықтарды есепке алудың және тіркеудің тәртібін белгілейді;

атом энергетикасының объектілеріндегі жұмыс тәртібінің бұзылуы туралы хабардар етудің тәртібін белгілейді және осы тәртіп бұзушылықтың себептеріне арнайы тексеру жүргізуді бақылайды (қажет болған жағдайда өздері тексеру жүргізеді), тексеру нәтижесі бойынша әзірленген шаралардың іске асырылуын қ а д а ғ а л а й д ы ;

атом энергетикасының объектілеріне жеткізілген жабдықтар мен бұйымдардың сапасын бақылайды, сертификаттау және тәуелсіз сынақтар мен ө л ш е м д е р жү р г і з е д і ;

МАГАТЭ-де Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді, ядролық энергияны қауіпсіз пайдаланудың халықаралық режимін қамтамасыз етуге байланысты қызметті жүзеге асырады, сондай-ақ ядролық энергияны пайдаланудың қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған мемлекетаралық шарттардың



кез келген уақытта кедергісіз баруға хұқылы.

кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына атом энергетикасы объектілерінің хауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің рұқсат етілген шарттарының бұзылғаны анықталғанда, оны жою үшін орындалуға тиісті тапсырма беруге; адамдардың денсаулығына және айналадағы табиғи ортаға хауіпті жұмыстарды тоқтатуға, сондай-ақ аталмыш рұқсаттағы хауіпсіздік нормалары мен ережелерін өрескел немесе үнемі бұзған жағдайда берілген р ұ қ с а т т а н а й ы р у ғ а ;

атом-өнеркәсіп кешені объектілерінің басшыларынан хауіпсіздік жағдайы туралы баяндамалар (есептер), тәртіп бұзылуы мен жабдықтардың істен шығып қалуының себептері туралы хабарламалар, сондай-ақ техникалық және өзге қ ұ ж а т т а м а л а р д ы а л у ғ а ;

атом энергетикасы объектілерінің құрылысы мен қайта жаңғырту жобаларын мемлекеттік сараптауға белгіленген тәртіппен қатысу, бұл объектілерді пайдаланудан шығару жобаларына сараптау жүргізу;<\*>

Агенттіктен рұқсаты бар кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың атом энергетикасы объектілеріндегі жұмыс хауіпсіздігі талаптарының бұзылу жағдайлары мен себептеріне тексеру жүргізуін бақылауға;

Агенттіктен рұқсаты бар атом энергиясы объектілерінің иесінен немесе олардың өкілетті органынан атом энергетикасы объектілерінің хауіпсіздігіне қосымша сараптау жүргізуді, жабдықтарды, материалдарды, аспаптар мен жүйелерді бақылап сынауды және техникалық куәландыруды талап етуге;

ядролық және радиациялық хауіпсіздіктің нормалары мен ережелерін, сондай-ақ берілген рұқсат шарттарын бұзушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкциялар қолдану туралы тиісті органдарға ұсыныс е н г і з у ғ е ;

ядролық және радиациялық хауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті проблемаларын шешуге, атом энергетикасы объектілерінің жобаларына сараптау жүргізуге және олардың мамандандырылған ұйымдарын, ғалымдарын, мамандарын, оның ішінде басқа мемлекеттен де, бақылап тексеруге шарттық н е г і з д е т а р т у ғ а ;

аса маңызды міндеттерді шешу мен ядролық және радиациялық хауіпсіздікті қамтамасыз етудің басым бағдарламаларын жүзеге асыру үшін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың сондай-ақ басқа да көздерінің ерікті жарналары есебінен тиісті қорлар (валюта қорын қоса) құруға;

қолданылып жүрген заңдардың негізінде және солардың орындалуы үшін өз құзыры шегінде бұйрықтар мен нұсқамалар шығаруға, олардың орындалуын б а қ ы л а у ғ а ;

қажетті жағдайда мемлекеттік өкіметтің басқа органдарымен және қоғамдық

бірлестіктермен бірге бірлескен актілер шығаруға хұқы бар.

Ескерту. 8-тармағының 6 абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1994 ж. 8 желтоқсан N 1395 қаулысы.

#### V. Агенттікке басшылық жасау

9. Агенттікті Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Бас директор басқарады.

Бас директордың Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын үш орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары және құрамы 7 адамнан алқасы болады. Алқаның құрамына Бас директордан (алқаның төрағасы) және оның орынбасарларынан басқа мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың өкілдері кіреді.

Алқа мүшелерін Агенттіктің Бас директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Агенттіктің Бас директоры Бас директордың орынбасарларының және Агенттік бөлімшелері басшыларының міндеттерін бөледі.

10. Агенттіктің құрамына Бас директордың бірінші орынбасары басқаратын Қазақстан Республикасының Атом -өнеркәсіп кешені объектілерінде жұмысты хауіпсіз жүргізуді және радиоактивтік қалдықтарды тасымалдауды қадағалау жөніндегі Бас басқарма (Қазақстан Республикасының Басатомқадағалау) кіреді.

11. Агенттіктің Бас директоры Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз функцияларын жүзеге асыруына тікелей жауап береді.

12. Бас директор Агенттіктің ғылыми-техникалық кеңесін басқарады.

Агенттіктің ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже мен оның құрамын Бас директор бекітеді.

13. Бас директор Агенттіктің штат кестесін бекітеді, адам санының белгіленген лимиті және жалақы қорының шегінде агенттіктің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады.<\*>

Ескерту. 13 тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

14. Агенттіктің бақылауындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар Агенттіктің лауазымды адамдарын объектілерді тексеру кезінде қызмет үй-жайымен, телефон байланысымен, арнаулы киіммен және қорғаныс құралдарымен тегін қамтамасыз етуге, аварияның себебін тексеруге және қызмет міндетін орындауға тартылған инспекторларды көлікпен жеткізуге міндетті.

15. Өздерінің қызмет міндеттерін орындау үшін Агенттіктің қызметкерлеріне іссапары қағазы мен қызмет куәлігін көрсетуі бойынша темір жол, әуе, су және автомобиль көлігімен жүруге кезексіз билет алу хұқы беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК